

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

Тәуелсіздік таңы атқаннан кейін елімізде ашаршылық құрбандарының рухына тағзым жасалып, қуғын-сүргін құрбандары ақталып, есімдері ел жадында қайта жаңғырды. Осы атаулы күнге орай Әлем Халықтары Жазушылары одағы және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, өлкетанушы Зарыққан ЕСІЛ-БАЕВҚА жолығып, зобалаң жылдардың шынайы бет-бейнесі баяндалған «Ақкөл көтерілісінің ақиқаты» кітабы төңірегінде әңгіме өрбіткен болатынбыз.

– Зарыққан Әбілқасымұлы, «Ақкөл көтерілісінің ақиқаты» кітабыңыз жайлы өз аузыңыздан естісек...

– Алаш арыстарының көсемі Ахмет Байтұрсынов аштық жөнінде 1922 жылғы «Қазақ календарына» жазған «Тәні саудың – жаны сау» атты мақаласында: «...Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда түн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...» – деп жазған екен.

Осыны оқи отырып, анам Бибігүлсім Нәбиқызының 1970 жылы айтқан әңгімесі есіме оралды. Анам қазақ жерінде қызыл империяның «Соғыс коммунизмі» деген ақсүйек ашаршылыққа жол ашып берген кезі 1922 жылы дүниеге келген. Шығыс Қазақстан облысының Зайсан уезіне жыландай жылжып жеткен ашаршылықтың алғашқы құрбандығына шалынғанның бірі – оның анасы екен. Шешем ол кезде еңбектеп жүрген он айлық сәби болса керек.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕНІ БҮЗҒАНДАРҒА АЙЫППҰЛ НЕГЕ ТӨМЕН?



Елімізде кәсіпорындарды жаңғырту бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан ауаның, судың және топырақтың эрозиясы ұлғаюда. Бүгінде әсіресе, Алматы, Атырау, Қарағанды, Теміртау, Шымкент, Өскемен және Балқаш қалаларында атмосфералық ауаның ластану деңгейі жоғары күйінде қалып отыр.

СОТ ІС ҚАРАДЫ

ШЕРЗАТ ПОЛАТТЫҢ ӨЛІМІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ҮКІМ ЖАРИЯЛАНДЫ

Жетісу облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 16 жастағы Шерзат Полаттың өліміне қатысты қылмыстық іс бойынша үкім жарияланды.

Сот барлық дәлелдемелерді зерделеп, сотталушыларды тағылған айыптардың барлық баптары бойынша кінәлі деп танып, оларға келесі жазаларды тағайындады:

Абзал Шынасылға – екі аса ауыр және бір ауыр қылмыс, ҚК-нің 99-бабы 2-бөлігінің 5), 9), 14) тармақтары (адам өлтіру), 24-бабының 3-бөлігі – 99-бабы 2-бөлігінің 1), 7), 9) тармақтары (адам өлтіруге оқталу), 293-бабының 3-бөлігі (бұзақылық) жасағаны үшін қылмыстардың жиынтығы бойынша түпкілікті – 20 жыл бас бостандығынан айыру;

йынша – 23 жыл бас бостандығынан айыру;

Сакиев Равильге – бір аса ауыр және бір ауыр қылмыс, ҚК-нің 24-бабының 3-бөлігі – 99-бабы 2-бөлігінің 7), 9) тармақтары (адам өлтіруге оқталу), 293-бабының 3-бөлігі (бұзақылық) жасағаны үшін қылмыстардың жиынтығы бойынша түпкілікті – 20 жыл бас бостандығынан айыру;

Тоқтаубаев Азаматқа – ҚК-нің 293-бабының 3-бөлігі (бұзақылық), 188-бабының 1-бөлігі (ұрлық) жасағаны үшін, бұрын жа-

саған ауыр қылмысы және ол бойынша өтелмеген жазасы ескеріліп – 15 жыл бас бостандығынан айыру;

Ильясов Нұрқиясқа – ҚК-нің 293-бабының 3-бөлігі (бұзақылық) жасағаны үшін, бұрынғы соттылығы және ол бойынша өтелмеген жазасы ескеріліп – 9 жыл бас бостандығынан айыру;

Әскентай Дарханға, Тоқтаубаев Нұрболға, Белгожаев Шыңғысқа және Қалиахмет Дидарға ҚК-нің 293-бабының 3-бөлігі (бұзақылық) жасағаны үшін заңмен көзделген барынша қатаң жаза – әрқайсысына 7 жыл бас бостандығынан айыру;

Кәмелет жасқа толмаған Ы.-ға ҚК-нің 434-бабы (қылмыс туралы хабарламау) бойынша –

1 жыл 6 ай бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды.

Келтірілген моральдық шығынның есебіне Шынасылдан 60 млн теңге, Сакиевтен – 30 млн теңге, сондай-ақ қалған сотталғандардан ортақ тәртіпте 30 млн теңге өндіріледі. Кәмелет жасқа толмаған Ы.-ға жәбірленушілер азаматтық талап қоймаған.

Бұдан басқа, сот прокурордың атына жеке-ше қаулы шығарды, яғни куәлар Д. Жақсыгелді, Э.Нұрбекова, А.Казакенов, Ю. Рузбакиевтердің әрекеттерінде қылмыс құрамдары бар болуы мүмкіндігіне назар аудартылған.

Үкім заңды күшіне енген жоқ.

ҚР Жоғарғы Сотының баспасөз қызметі

4-бет



Заң бәсекелестікті дамытуды көздейді

6-бет



Есірткімен күресте бірлескен әрекет нәтижелі

8-бет



Сол бір түнде...

МИНБЕР

Қазақ жерінде әрқашан сот билігі хан билігінен үстем болған. Мұны түсінген дархан даланың билері ел мен жердің біртұтастығын сақтауда әуелден тәртіптің қажеттілігін білген. Ал тәртіптің барша халыққа бірдей болуын түсінген сол заманның ардақтылары заңның әр адамға түсінікті және бірдей болуын қамтамасыз ету мақсатында егжей-тегжейлі жүйелеп, оны қазақ даласында орнатқан. Бұған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заң нормаларының пайда болып, екі ғасырдан аса уақыт заң үстемдігіне кепіл болып, қазақ жұртының игілігіне қызмет еткені дәлел бола алады.

СОТТЫҢ ЖАҢА
МОДЕЛІ ХАЛЫҚ
ТАЛАБЫНА САЙ

«Қой үстіне бозторғай жұмыртқа лаған заманда» заңдар жинағына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бес тарауға қосымша екі тарау қосылып, «Жеті жарғы» деп жаңғыртылуы бекер емес. Аталған қағида қазақ қауымының тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық, әлеуметтік ахуалымен қоса, салт-дәстүрін негізге алып, жеті бағыттағы – халықтың тәртіп низамы болған. Жеті жарғыда

Осы өткен отыз төрт жылда мемлекеттік биліктің негізгі тармағының бірі болып саналатын – сот билігі бұрын-соңды болмаған сот моделіне көшуде.
Дербес кассациялық сот – сот төрелігін жүзеге асыруда түпкілікті шешім қабылдайтын сот жүйесінің жоғары сатысы болмақ.

әкімшілік, қылмыстық істер, азаматтық құқық нормалары, салық және діни сұрақтарға қатысты, яғни сол дәуірде кездесетін мәселелер толық жинақталған.

Ұлан-ғайыр жеріміздің бірлігін, құқық негіздерін, жер мәселесіне қатысты тарауларды бір жүйеге келтіріп, еліміздің ішкі саясатын және бұқараның құқықтарының бұзылмауын қадағалап, реттейтін – Жеті жарғы мен оны жүзеге асыратын билер билігінің тарихи орны ерекше. Бұдан бөлек, Ш.Әлихановтың «Сот реформасы жөніндегі жазбаларында» өзін-өзі басқарауға қатысты әкімшілік жүйенің енгізілуі – халық

нан бері сот саласын дамыту, әр қабылданған шешімнің әділетті және сапалы болып, тараптар құқығының сақталуын қамтамасыз ету бойынша атқарылып жатқан жұмыс саны жетерлік.

2000 жылдардың басында қабылданған сот жүйесіне қатысты басты заңымызға отыз бес рет өзгеріс пен толықтырулар енгізілді. Бұл дегеніміз жылда сот саласын реформалау жолындағы тиімді құралдарды зерделеу, анықтау аясындағы ізденістің тоқтамай келе жатқанының дәлелі. Осы өткен отыз төрт жылда мемлекеттік биліктің негізгі тармағының бірі болып са-



Ғалымжан НӘСІРДІНОВ,
Қазақстан Республикасы
Әскери сотының төрағасы

налатын – сот билігі бұрын-соңды болмаған сот моделіне көшуде.

Дербес кассациялық сот – сот төрелігін жүзеге асыруда түпкілікті шешім қабылдайтын сот жүйесінің жоғары сатысы болмақ. Соттар үздіксіз немесе жаппай қарайтын қағидат бойынша жұмыс жүргізеді. Демек, осы сотқа келетін істерді зерделеп және тағайындауға қатысты қарау мерзімдері біршама өзгереді.

Салыстырмалы түрде алсақ, қазіргі таңда шағым бойынша түскен жиырма істің біреуі ғана кассациялық сатыдан өтуде. Соттың жаңа моделі бұл көлемді 100%, яғни әр азаматтың шағымы, оның талап еткен мүддесі міндетті түрде қаралып, заңдылық талаптарына сай айқындалады.

Міне, бүгінде қазақтың дала заңы, би-шешендер соты дамып, сара жолға түсіп, өзіндік орнын айшықтады. Бұған қоса, азаматтық, қылмыстық және әкімшілік кассациялық соттың құрылуы – еліміздің халықаралық стандартқа сәйкес және заман талабына сай бейімделудің жарқын көрінісі.

Жаңару мен жаңғыру жолындағы Жаңа Қазақстанды құрудағы ауқымды өзгерістер сол жұмыстың кішкентай ұшқыны. Келешекте бұл ұшқын азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтіп және заң үстемдігі басымдылығының биік шыңы боларына қоғам үміт артуда.

АТА ЗАҢ – 30

ЕЛ БОЛАШАҒЫ ҮШІН БЕРІК БАҒДАР

СЫЗҒАН МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ

Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуында Конституцияның маңызы зор. Ата Заңды қабылдаған күн – тарихи мәні зор белес. Осыдан 30 жыл бұрын жалпыхалықтық референдум нәтижесінде еліміздің қазіргі қолданыстағы Конституциясы қабылданды. Бұл – Тәуелсіз Қазақстанның жаңа саяси, құқықтық және қоғамдық негіздерін айқындаған, болашағы үшін берік бағдар сызған маңызды құжат болды.



Нұржан ҚАДІРБЕК,
Жамбыл облысы
қылмыстық істер
жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық соты төрағасы

Жалпы, Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы 1993 жылы қабылданғанымен, ол өтпелі кезең талаптарына толық сай келмеді. Сондықтан 1995 жылғы

жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысында заңгер-ғалымдар, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері белсенді атсалысты. Ата Заңымыз бүгінгі күнге дейін бірнеше рет жаңартылып, заман талабына бейімделіп келеді. Атап айтқанда, 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 және 2022 жылдары оған маңызды өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2022 жылғы жалпыұлттық референдум нәтижесінде Конституцияның 33 бабына өзгеріс енді. Бұл реформа суперпрезиденттік басқару үлгісінен президенттік үлгіге көшуге, Парламент пен азаматтардың рөлін күшейтуге, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік жүйесін орнықтыруға бағытталды. Сонымен бірге, ең маңызды бағыттың бірі – құқық қорғау және сот жүйесін реформалау, азаматтар құқығын қорғау тетіктерін жетілдіру болды.

Ата Заңның 7-тарауы толықтай сот билігіне арналған. Конституцияның 75-бабында: «Республикада сот төрелігін тек сот ғана жүзеге асырады» деп анық жазылған. Бұл – сот билігінің дербестігін, тәуелсіздігін және басқа билік тармақтарынан оқшау әрекет ететінін көр-

сететін басты қағида. Сот төрелігі тек заңмен белгіленген тәртіппен, тәуелсіз судьялар арқылы жүзеге асырылады. Бұл – елімізде әділет пен заң үстемдігінің орнауына берілген конституциялық кепіл.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз жолдауында: «Халық сотқа жүгінгенде, шын мәнінде әділ шешім шығатынына сенімді болуы керек. Сот төрелігінің сапасы – азаматтардың мемлекетке деген сенімінің негізі», – деп сот ел талабына сай дамуы, жаңғыруы керектігін атап өтті. Бүгінгі жаңашылдықтар сол халық үдесінен шығуға бағытталған.

2023 жылдан елімізде Конституциялық Сот қызметіне кірісті. Бұл – азаматтар үшін конституциялық құқықтарын қорғауда жаңа мүмкіндік. Бұған дейін Конституциялық Кеңеске тек шектеулі субъектілер ғана жүгіне алатын болса, енді қарапайым азамат та өз құқығының бұзылғанын сезінсе, Конституциялық Сотқа тікелей өтініш бере алады. Бұл – құқықтық мемлекеттің жаңа кезеңге қадам басқанын білдіреді.

Қорыта айтқанда, сот билігі – Конституциямен айқындалған, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғаны саналатын аса маңызды институт. Сот төрелігінің әділдігі мен қолжетімділігі – қоғамдағы сенім мен тұрақтылықтың тірегі. Сондықтан Ата Заңда белгіленген сот билігінің мызғымастығы – Қазақстанның болашаққа нық қадам басуына негіз болары сөзсіз.

ПӘРМЕН

МЕМЛЕКЕТТІК
ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ
ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің негізгі мақсаты мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру және қорғау. Сондықтан бұл мәселелер ерекше назарда ұсталады.

Департамент 2025 жылғы I тоқсандағы жоспарға сәйкес 5 мемлекеттік органда тексеріс жүргізіп, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнаманы және қызметтік әдеп нормасын сақтамау бойынша 214 деректі анықтады. Сәйкесінше 34 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді, заңсыз қабылданған 2 актінің күші жойылып, тиісті ұсыным жолданды. Сонымен қатар, департамент мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту бағыты бойынша тиісті жұмыстар атқарады.

Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг жүргізу тәртібі ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы «Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 121 бұйрығымен бекітілген қағидада айқындалған.

Өз кезегінде, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» заңының 32-бабы 4) тармақшасына сәйкес, шұғыл, күні бұрын болжанбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытынан тыс істелетін жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартылуы мүмкін. Осы тармақта көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшіге демалыс күндері (сағаттары) беріледі немесе жұмысына мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес өтемақы төленуі тиіс.

Еңбек кодексінің 108-бабына сәйкес, еңбекке уақыт бойынша ақы төлеу кезінде үстеме уақыттағы жұмысқа еңбек немесе ұжымдық шарттардың және жұмыс беруші актісінің талабына сәйкес жоғарылатылған мөлшерде, бірақ жұмыскердің күндік (сағаттық) тарифтік мөлшерлемесі негізге алына отырып, 1,5 еседен төмен болмайтын мөлшерде ақы төленеді.

Еңбекке кесімді ақы төлеу кезінде үстеме уақыттағы жұмысқа қосымша ақы төлеу жұмыскердің белгіленген күндік (сағаттық) мөлшерлемесінің елу пайызынан төмен болмайтын мөлшерде жүргізіледі және тараптардың келісімі бойынша үстеме жұмысқа үстеме жұмыстың бір сағаты үшін тынығуға кемінде бір сағат беру есебімен тынығу сағаттарын ұсынуға жол беріледі.

Қағиданың 6-тармағына сәйкес, мемлекеттік органдарға бармай жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг департамент тарапынан тұрақты негізде жүргізіледі. Нәтижесінде, мемлекеттік қызметшілердің жалпы 167 сағат заңсыз үстеме жұмыс жасағаны анықталып, 67 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілген.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 89-бабына сәй-



Қобылан МАНАП,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Жетісу облысы
бойынша департаментінің
басшысы, Әдеп жөніндегі
кеңестің төрағасы

кес, жұмыс берушінің не қабылдаушы тараптың Қазақстанның еңбек заңнамасында көзделген жұмыс уақытының және күнделікті жұмыстың қалыпты және қысқартылған ұзақтығын заңсыз асыру ескерту жасауға әкеп соғады. Бұл әрекет бір жыл ішінде қайталап жасалса, лауазымды адамдарға – қырық айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. Осы ретте, департамент тарапынан 5 мемлекеттік органның жұмыс уақыты нормасын заңсыз асыруына байланысты, кодекстің 89-бабына сәйкес 5 әкімшілік хаттама толтырылған.

Қағиданың 17-тармағына сәйкес, жұмыс уақыты режимінің сақталуына мониторинг нәтижелері тоқсан сайын құқық бұзушылықтың алдын алу және оған жол бермеуді қоса алғанда тиісті шаралар қолдану үшін мемлекеттік органдарға жолданады.

Үстеме жұмысқа тартылған мемлекеттік қызметшілерге қатысты талдау Жетісу облысындағы Әдеп жөніндегі кеңес отырысында тыңдалды. Соған орай мемлекеттік органдарға заңсыз үстеме жұмыс жасау фактілерін болдырмау бойынша және заңбұзушылықтардың алдын алу, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мақсатында тиісті іс-шараларды қабылдау, еңбек заңнамасын сақтау және басшы тарапынан қатаң бақылауға алу қажеттілігі туралы ұсынымдар енгізілді.

Аталған бағыттағы жұмыстарды нәтижелі жүзеге асыру айрықша маңызды. Мемлекеттік қызметшілер құқығын қалпына келтіру және қорғау мемлекеттік органдарға деген сенімді нығайтуға, көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметі үшін қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕНІ БҮЗҒАНДАРҒА АЙЫППҮЛ НЕГЕ ТӨМЕН?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауаның негізгі ластаушылары - өңдеу өнеркәсібі салалары, электр энергетикасын өндіру кәсіпорындары, сондай-ақ тау-кен өндіру, құрылыс, химия, мұнай-газ өңдеу кәсіпорындары. Бұған көбіне бизнес субъектілерінің қысқа мерзім ішінде экономикалық тиімділікке жетуді көздеуге ұмтылысы себеп болып отыр. Бұл әрине, мемлекеттің экономикалық және экологиялық саясаты арасындағы қайшылықтарға әкеліп, халықтың билікке деген сеніміне де селкеу түсіреді. Мәселенің тиімді шешімі ретінде айқындалған 2025 жылдың қаңтарынан бастап энергия өндіруші ұйымдарға енгізілмек қолжетімді үздік технологияның ауылы алыстап бара жатқандай. Бұл процес басталғанымен, оны іске асыру әрекеті көптеген жүйелік кедергілерге тап болуда. Олардың ішінде қаржылық, технологиялық, логистикалық, ұйымдастырушылық мәселелер де бар. Бұл Парламент Сенатында елімізге «жасыл» инвестиция тарту және қолжетімді үздік техниканы кеңінен қолдануды мемлекеттің көтермелеуі мен ынталандыруы жөнінде ережелерді іске асыру тақырыбына арналған Үкімет сағатында айтылды.

на кезең-кезеңмен арнайы уақыт берілді. Бүгінгі күні Қазақстанда ең озық қолжетімді техниканы енгізуге міндетті І санаттағы 1500-ге жуық кәсіпорын бар. Мәселенің күрделілігі ескеріле отырып, оны екі кезеңде өткізу көзделген. Яғни, 2025 жылдан бастап 50 ірі кәсіпорын, ал 2031 жылдан бастап І санаттағы басқа кәсіпорындар өтуі міндеттеліпті. Кодекс нормалары бойынша, озық қолжетімді технологияларды енгізген және кешенді экологиялық рұқсат алған кәсіпорындар төлемдерден босатылады, ал уақытылы енгізбеген кәсіпорындар үшін салық төлемдерінің жоғарылауы, яғни, әр үш жыл сайын салықтың – 2, 4 және 8 есе ұлғаюы қарастырылды.

Ең үздік қолжетімді технология бойынша анықтамалықтар әзірлеу салалық ерекшелікке негізделіп, ғылыми тұрғыда негізделген әрі іс жүзінде қолдануға ыңғайлы болуы тиіс. Алайда бүгінде біз маңызды кедергіге тап болып отырмыз – озық технологияларды енгізуде бірыңғай үйлестіру мен кешенді тәсілдің жоқтығы байқалады. Сонымен қатар экологиялық басымдықтар көбіне өңірлік стратегияларға кіріктірілмеген, бұл тұрақты экологиялық нәтижелерге қол жеткізуді қиындатады. Сенатор Ольга Булавкина да

кәсіпорындар үздік қолжетімді технологияны енгізгеннен гөрі, айыппұл төлегенді қалайды екен. Оның айтуынша, мұның бірнеше себебі бар. Олар: аталмыш технологияны енгізу жаңа жабдыққа инвестициялар тартып, мамандарды қайта даярлауды, процестерді өзгертуді талап етеді. Көптеген компаниялар, әсіресе шағын және орта компаниялар үшін бұл өте үлкен шығын. Екіншіден, инвестициялардың қайтарымы шамамен 7-10 жылға созылуы мүмкін, бұл қысқа жоспарлау көкжиегі бар бизнес үшін қолайсыз. Үшіншіден, экологиялық ережелерді бұзғаны үшін айыппұлдардың мөлшері көбінесе модернизация шығындарына сәйкес келмейді. Бұл жағдайда айыппұлдарды есептеу үшін кәсіпорынның кінәсін дәлелдеу керек.

Сонымен қатар қолжетімді технологияға инвестиция салатын компаниялар мемлекеттік сатып алулардан артықшылық алмайды. Оларды жүзеге асыру кезінде экологиялық критерийлер әрдайым ескерілмейді, ал экологиялық талаптар ұсынмдық сипатта болады немесе таңдамалы түрде қолданылады. Бұл түйткілдерден арылу үшін нормативтерді кезең-кезеңімен қатаңдата отырып, барлық қауіпті өндірістер үшін кешенді экологиялық рұқсаттарды міндетті түрде қолданумен қатар экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін және кәсіпорындарды жаңғыртуға ынталандыратын қатаң заңнамалық талаптар қабылдау қажет.

Ал, жиын тізгінін ұстаған палата спикерінің орынбасары Жақып Асановтың айтуынша, экологиялық басымдықтарды өңірлердің даму стратегияларына жай ғана декларативті түрде емес, нақты инфрақұрылымдық жобалар, экологиялық қауіп-қатерлердің егжей-тегжейлі карталарын әзірлеу, сондай-ақ әр өңірдегі «жасыл» бастамалардың ашық және қолжетімді тізімдері арқылы енгізу қажет. Бұл ретте білікті кадрлар – экологиялық өзгерістерді жергілікті жерлерде жүзеге асыра алатын «жасыл» менеджерлер даярлаудың маңызы зор. Сонымен қатар ЖОО-лар мен колледждердегі мамандар даярлау бағдарламаларына экологиялық пәндер мен модульдерді енгізуді, халық пен бизнестің экологиялық сауаттылығын арттыруды, осы саладағы ғылыми-техникалық жаңалықтарды ынталандыруды күшейту қажет.

Үкімет сағатының қорытындысы бойынша, экологиялық жаңғырту жоспарларын табысты іске асыру мен тұрақты экономикаға көшу үшін мемлекет пен бизнес және ғылыми қауымдастықтардың күш-жігерін біріктірудің маңыздылығы атап өтілді. Сондай-ақ экологиялық өзгерістерді ынталандыру тетіктері мен нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

ЭКОЛОГИЯ



АЛМАТЫНЫҢ ТЫНЫСЫ ТАРЫЛЫП БАРАДЫ

Алматы қаласының қайталанбас табиғи келбетін бұзып тұрған экологиялық ахуалдың қалыптасуына көптеген себептер әсер етуде.

Қалада көліктердің шамадан тыс көптігі, құрылыс жұмыстарының ретсіз жүргізілуі, өндіріс орындарының ескі технологиялармен жұмыс істеуі және қазба отындарды ұзақ уақыт бойы пайдаланудың салдары қоршаған ортаға кері ықпалын тигізуде. Бұл мәселелер жылдар бойы жинақталып, бүгінде қала тұрғындарының алаңдау-шылығын тудырып отыр. Былтыр экологиялық «IQAir» халықаралық компаниясы жасайтын рейтингке әлемнің 125 ірі қаласымен бірге Алматы тағы да ауасы ең лас қалалар тізіміне кірді. 2024 жылы дайындалған шекті жол берілетін шығарындылар туралы жиынтық баяндамаға сәйкес, қалада зиянды шығарындылар көлемі жылына 189 мың тоннаны құраса, оның ішінде: автокөлікке – 112 мың тонна (60%); өнеркәсіптік кәсіпорындарға – 52 мың тонна (27,5%); жеке секторға (ЖТҚ және монша) – 21 мың тонна (11%); шағын және орта бизнеске – 1,4 мың тонна (0,74%); құрылыс нысандарына – 1,4 мың тонна (0,76%) тиесілі.

Алматы агломерациясы алдағы онжылдықтарда 7,5-8 млн адамға дейін өсетіні туралы урбанистердің ресми болжамы – түбегейлі шаралар қабылдауға негіз болады. Халықты толғандырған мәселені көтерген депутаттар ауа ластануының негізгі көздерін анықтай отырып, жарты жыл ішінде Алматының толық картасын дайындау қажеттігін алға тартады. Сонымен қатар көлікті техникалық тексеруді жүзеге асыратын ұйымдарға катализаторлар сатып алуына заң жүзінде тыйым сала отырып, техникалық байқаудың Линден куәліктерін бергені үшін жауапкершілігін қатаңдату талап етілді. Келер жылдан бастап мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарға тек электромобильдер сатып алуға рұқсат беру, ал Алматы әкімдігіне не электр қозғалтқыштары бар қоғамдық көліктің үлесін арттыру қажеттігіне де назар аударылды. Мегаполисте мыңдаған электр көліктерінің пайда болуы зарядтау үшін тиісті инфрақұрылым салу,

сонымен қатар, электр энергиясының жаңа көздерін іздеу қажеттілігін тудырады. Қалада онсыз да энергия тапшылығы және электр желісіне үлкен жүктеме бар. Алматыда көлік ағынын азайту және қала тұрғындарын қоғамдық көлікті пайдалануға ынталандыру мақсатында 770 газ автобусы мен 115 электр автобусы сатып алынды, бұл қоғамдық көліктің орташа қызмет ету мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Автобус пен троллейбус қозғалысы жаңартылып, бұл қоғамдық көліктің орташа қызмет ету мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Автобус пен троллейбус қозғалысы жаңартылып, бұл қоғамдық көліктің орташа қызмет ету мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді. Автобус пен троллейбус қозғалысы жаңартылып, бұл қоғамдық көліктің орташа қызмет ету мерзімін едәуір қысқартуға мүмкіндік берді.

Биыл қалада экологиялық жобаларға 10,6 млрд теңге бөлу жоспарланған, бұл қаржы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға және жайлы қалалық ортаны дамытуға бағытталады. 2025–2027 жылдарға арналған бюджеттің жобасында қаланы көгалдандыру, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін инфрақұрылымды жақсарту және табиғи объектілерді абаттандыру көзделген. Биыл Алматыда бюджет қаражаты есебінен 170 мың көшет отырғызу жоспарлануда.

Сонымен қатар осы жылы қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесін жаңарту жалғасады. Қалада тереңдетілген үлгідегі 2 мыңнан астам контейнерлік алаң салынады, бұл қаланың санитарлық жағдайын жақсартады. Бұдан басқа, Іле ауданында болашақта қалдықтарды кәдеге жарату мәселелерін тиімді шешуге көмектесетін жаңа полигонның жобасы әзірленіп жатыр. Үлкен Алматы және Қарғалы сияқты өзен арналарын қайта құру, сондай-ақ «Сайран» су қоймасын абаттандыру жобалары табиғи экокүйелерді қалпына келтіруге және қала тұрғындарының демалуы үшін жаңа экологиялық таза аймақтарды құруға арналған.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

АЙМАҚ АҚПАРАТ

Жетісу облысының Төтенше жағдайлар департаментінде суға батқан адамдарды құтқарған полицейлер марапатталды.

ПОЛИЦЕЙЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Ескелді ауданындағы техникалық су қоймасында орын алған төтенше жағдай кезінде өз өмірлеріне қауіп төнсе де, полиция қызметкерлері – криминалдық полиция бөлімшесінің аға жедел уәкілі Өмірбек Сенбай мен патрульдік полиция аға инспекторы Мұхтар Нұрмұханбетов суға кеткен азаматтарды құтқарып қалған. Кәсіби шеберлік пен ерлік

танытқандары үшін олар Төтенше жағдайлар министрлігінің «Суға батқан адамдарды құтқарғаны үшін» медалімен марапатталды.

Аталған оқиға полиция қызметкерлерінің адам өмірін сақтау жолындағы жанқиярлық еңбегінің айғағы болды.

Жетісу облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

ТЕГІН ТІКТОК МЕКТЕБІ АШЫЛАДЫ

Алматы қаласында Жастар саясаты басқармасының қолдауымен креативті жастарға арналған тегін TikTok мектебі ашылады.

Оқу бағдарламасы екі айға жоспарланған және аралас форматта өтеді: сабақтардың жартысы онлайн, жартысы офлайн форматта ұйымдастырылады. Курсты TikTok саласының маманы, блогер, әлем бойынша жалпы аудиториясы 23 миллионнан аса оқырманы бар блогер жүргізеді. Мектеп қатысушыларға контент жасаудың қыр-сырын және оны әрмен қарай дамытуға бағытталған. Оқу барысында жастар TikTok трендтерімен, платформаның алгоритмдерімен, сторителлинг негіздерімен, түсірілім және монтаж әдістерімен танысады. Сонымен қатар жеке бренд қалыптастыру мен аудиториямен жұмыс істеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасында атап өткендей, бұл жоба жастардың шығармашылық әлеуетін арттыруға және оларды заманауи цифрлық индустрияларға тартуға арналған тиімді алаң болмақ.

С.АСҚАР

ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛЫҚ ПАРКТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Семейде чиптер мен электронды қондырғыларды өндіретін индустриялық парктің құрылысы басталды. Бүгін жоғары технологиялық өнімдер өндіретін зауыттың іргетасын қалау рәсімі өтті.

Іс-шараға облыс әкімі Берік Уәли және шетелдік инвесторлар қатысты. Жобаны Қазақстан-Қытай бірлескен компания «SUTO KAZAKHSTAN» ЖШС Семейдегі «Өндіріс» индустриялық аймағында жүзеге асырады. Жаңа кәсіпорында чип, оп-

тоэлектронды модуль, интеллектуалды хост-контроллер, қуат блогы, энергия үнемдейтін шамдар мен электронды дисплейлер өндірілетін болады.

А.МӘУЛЕНБАЙ
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЗАҢ БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ
ДАМУТУДЫ КӨЗДЕЙДІ

«Мемлекеттік сатып алу туралы» заң Президенттің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты жолдауын жүзеге асыру мақсатында қабылданды.

Жалпы, заң сатып алу процесі рәсімдерін оңтайландыруды, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстары мен көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуды, мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігін күшейтуді және бәсекелестікті дамытуды көздейді.

Жаңа заңның новелласының бірінші блогы сатып алу рәсімдерін жеңілдетуге және қысқартуға бағытталған.

Біріншіден, шағымдарды қарау тәртібі жаңартылды. Қаржы министрлігінің бақылаушы орган ретіндегі рөлі қайта қаралды. Сатып алуды жедел жүргізу, тапсырыс берушілерге зор өкілеттіктер беру, сондай-ақ сатып алу рәсімдерінің кешіктірілуін болдырмау мақсатында бұдан былай шағымдарды сатып алуды ұйымдастырушының өзі тікелей қарайды. Сатып алу қорытындыларына шағымдану веб-портал арқылы және жеңімпазы тек конкурстық комиссия айқындаған сатып алулар бойынша ғана жүзеге асырылады.

Екіншіден, сатып алу рәсімдерін өткізу мерзімдерін қысқарту мақсатында заңда тікелей белгіленген мерзімдер Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының деңгейіне ауыстырылды.

Үшінші, рәсімдерді оңайлату

және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін мемлекеттік сатып алуды өтпеді деп тану негіздері қайта қаралды. Бұрын сатып алулар тек 1 әлеуетті өнім беруші қатысқан жағдайда өтпеді деп танылатын. Енді мұндай өнім берушіні тиісті біліктілік талаптарына сай деп таныған жағдайда онымен шарт жасасуға рұқсат беріледі.

Төртінші, тапсырыс берушілердің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жедел сатып алуына оңтайлы жағдай жасау және оларға барынша дербестік беру мақсатында құны 100 АЕК-ке дейінгі тауарларды, 100 АЕК-ке дейінгі жұмыстар мен қызметтерді бір көзден сатып алу құқығы қарастырылған. Ауыл әкімдіктері үшін мұндай тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу шегі 3000-нан 4000 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Сондай-ақ төтенше жағдайлардың алдын алуға қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу мүмкіндігі бекітілді.

Бесінші, ғылыми ұйымдардың сатып алу тәртібі жеңілдетілді.

Мәселен, ғылыми зерттеулер мен ғылыми жұмыстарды орындау үшін ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары және жоғары оқу орнынан



кейінгі білім беру ұйымдарының сатып алу рәсімдері енді.

Ғылым және жоғары білім министрлігі бекітетін қағидалар бойынша жүзеге асырылады.

Заң новелласының екінші блогы сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған.

Біріншіден, сатып алуға қатысушылардың біліктілігін арттыру және өнім берушіні таңдаудың бағалық емес өлшем шарттарын дамыту үшін әлеуетті өнім берушілердің тізілімі енгізілді. Бұл абыройына нұқсан келмеген өнім берушілер арасында сатып алуды жүзеге асыруға және сатып алудың барлық түрі бойынша баға мен сапа өлшем

шарттарын біріктіре отырып, өнім берушілерді дұрыс таңдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте өнім беруші туралы ақпарат мемлекеттік органдар жүйелерінің мәліметтері негізінде түзіледі (жұмыс тәжірибесі, қаржылық орнықтылығы, салық берешегінің болмауы, ашық қол жетімділікте қаржылық есебінің жариялануы және т.б.).

Екіншіден, заңда толық дайын түрінде берілетін құрылыс туралы

ларға қоғамдық бақылау жүргізу мүмкіндігі енгізілді.

Екінші, бұрын сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық жасаған әлеуетті өнім берушінің, басшының немесе құрылтайшының мемлекеттік сатып алуларға қатысуына тыйым салынды. Жалақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар әлеуетті өнім берушілер де мемлекеттік сатып алуларға жіберілмейді.

Үшінші, өнім беруші жұмыстарды орындау немесе қызметтер көрсету үшін қосалқы мердігерлерге беретін жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің шекті көлемі 50-ден 30 пайызға дейін қысқартылды.

Заң новелласының төртінші блогы бәсекелестікті дамытуға бағытталған.

Бірінші, барлық мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдарды сатып алудың бірыңғай платформасына – мемлекеттік сатып алудың веб-порталына көшіру мүмкіндігі заңнамалық тұрғыда бекітілді. Бастапқы кезеңде қазіргі сатып алу алаңдары сақталады және сатып алу бойынша егжей-тегжейлі ақпаратты жинау және көрсету үшін интеграция жүргізіледі.

Екінші, тауар биржалары арқылы сатып алу тәсілі алынып тасталды.

Үшінші, үкімет айқындаған нақты өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу жалпы халықтық мәні бар аса маңызды объектілер мен жобаларды іске асыру үшін қажетті ерекше жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Төртінші, отандық тауар өндірушілерді қолдау мақсатында Қаржы министрлігі тек қана шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алынатын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді бекітеді.

Алтай ШАРХАНОВ,
Түркістан облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

АБАЙ –180

ӘР СӨЗІ – ФИБРАТ,
ӘР ІСІ – ӨНЕГЕ

Абай – қазақ халқының рухани көсемі, жүрегіміздің төрінен орын алған ұлы ойшыл, ақын, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, жазба қазақ әдебиетінің агартушысы, саяси қайраткер. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде ұлт болмысы, бітімі, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, жаны, діні, ділі, тілі, рухы көрініс тауып, кейін Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде бағаланды. Оның әрбір өлеңі мен қара сөзі – терең мағынаға толы, өмірлік ұстанымға айналар тағылым. Абай – тарихта өшпес із қалдырған дара да, дана тұлға. Ол тек өз дәуірінің емес, бүгінгі күннің де, болашақ ұрпақтың да шамшырағы.

Абай 170-тен астам өлең жазды. 56 аударма мен философиялық трактаттар стилінде жазылған 45 «қара сөздің» авторы. Оның тілі – таза, ойы – терең. «Қара сөздері» арқылы ол өмірдің мәнін, адам болмысының сырын ашты. Әр сөзі – фибрат. Қанша оқысам да, жаңаша ойға жетелейді.

Абай өз кезеңінде құқықтық мемлекеттің не екенін білмегенімен, құқықтық мемлекетке тән белгілерге тоқталады. Мысалы, билік пен халықтың арасындағы байланыс, теңдік, адам құқығының қорғалуы туралы ойларының бүгінгі күні өзектілігі арта түспесе, кеміп отырған жоқ. Абай: «Адам баласына адам баласының бәрі – дос. Не үшін десен: дүниеде жүргенде туысың, өсуің, ашығуың, қайғың, қазан, дене бітімің, шыққан жерің, барар жерің бәрі бірдей... Біріңе бірің қонақ, қонақ соры екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің...» – дейді. Бұл жерде ол тура айтпаса да, адам баласының бірі-бірімен тең екенін, адам баласы бәріне ортақ табиғи құқықтарымен бірге өмірге келетінін астарлап жеткізіп отыр.

Абай шығармаларында адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетіне тіл тигізбейді. Біз өмір сүріп отырған қоғамда бұл жағдай керісінше өрши түскен. Адамдардың бір-біріне тіл тигізуі, ар-намысын қорлауы үйреншікті әдетке айналып кеткендей. Қоғамдық қатынастарға түсуде адамдардың мәдениетті, сабырлы, салмақты, мейірімді, әділ болуы бүгінгі күнгі өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Осы тұрғыда Абайдың бойындағы қасиеттерді адамдар өз бойларына дарытуы қажет. Құқықтық мемлекет құруға талпынып отырған еліміздің әрбір азаматы өз құқықтарын біліп қана қоймай, өзгенің

құқықтарын сыйлап, бұзбауға тырысуы керек.

Қоғамдық қатынастарды реттеуде заңдар негізгі рөл атқарады. Құқықтық мемлекеттің басты белгісі болып табылатын заңның үстемдігі, яғни заң алдындағы барлық адамдардың тең болуы, заңға бағыну, заңды сыйлау туралы мәселелер қазіргі қоғамда талқылаудан түспей жүрген сұрақтар қатарында. Зерттеу барысында Абай өз шығармаларында заң күшінің басым болуын, адамдардың жауаптылығын сөз ететіндігіне көз жеткіздік. Демократиялық қоғамдағы билік мәселесін, соның ішінде заң шығарушы органның құқықтық мәртебесінің жоғары болуына тоқталады. Бұған оның: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген отыз жетінші қара сөзі дәлел бола алады. Абай қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын айтты. Ол «Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», – деп тұжырымдап, керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керектігіне назар аударды. Ұлы Абайдың «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өнегелі өсиетін де осы тұрғыдан ұғынуымыз қажет. Бұл тұжырымдар қазір де аса өзекті. Тіпті бұрынғыдан да зор маңызға ие болып отыр. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз.

Абайдың мұрасы – сарқылмас қазына. Оның жүрек шерімен жазған өлеңдерінің тағылымы тереңде жатыр. Абайдың шығармалары – тек әдеби мұра ғана емес, ұлттық болмысымыздың айнасы. Елбасымыз: «Заманалар ауысып, дүние дидары



өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнамайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қаныға түседі. Абай өзінің туған халқымен бірге мәңгі-бақи жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді», деген өнегелі сөзі бар. Демек, Абай шығармалары біз мәңгі сусындайтын сарқылмас бұлақ.

Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де осы. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етті. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырды. Сондықтан, Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамдардың бірі.

Абай өлеңдеріндегі «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Өзің сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» – деген қазыналы ойлар бәрімізге жақсы таныс. Әр адам осы түйінді тұжырымдарды санасына берік тоқып, өзінің тынымсыз, адал еңбегімен айналасына үлгі болуы керек деп ойлаймын.

ІЛІМ
ТАҒЫНЫҢ
ИЕСІ

Әлем мойындаған Ұлы Абай – ілімдегі алтын тақтың иесі! Абай жайында осы уақытқа дейін еліміздің асыл кемеңгер, қарымды жазушылары, ақындары, белгілі тұлғалары құнды мәліметтер жаза отырып, баға жетпес мұра қалдырды.

Бірінші кезекте, әрине, Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовтің жазған Абай жолы роман эпопеясы – Абайды танудағы еңбектердің ішіндегі ең асылы. Төрткүл дүние төрі мойындаған бұл еңбек ұлтымыздың бөгенайы іспеттес. Абай жолын оқымаған қазақ – қазақ емес дейді ғой, себебі жер шарындағы барша тұлға танитын, еңбегіне бас иетін Абай бейнесі осы бір құндылықта.

Қазақтың ақын-жазушыларының ішінде ауқатты отбасында дүниеге келген Абай байлықтан сараңдыққа салынбады, керісінше қарапайым халықтың жоқ-жітігін түгендеп, үнемі көмек қолын созуға тырысты. Ол жайында «Абай жолындағы» ақынның ұлылығы көзге түсер сәті мынада: Құнанбай Абайға «сенің бойыңнан үш түрлі мін көрдім дейді. Ең әуелі арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Өзіңдегі барды арзан ұстайсың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Абайдың сол кезде әкесіне: Ең әуелі жайдақ суға теңедіңіз. Қолында құралы бар жалғыз жарымға ғана пайдасы тиер шыңыраудағы су болғанша, құралсыз кәрі-жасқа түгел пайдасы тиетін жайдақ су болғанды дұрыс көремін», – деп халық қамын ойлап айтқаны Абайдың дара екенін айқындай түседі. Абайға деген теңеу де шексіз. Алтын хакім, Дана Абай, Дара Абай, Қазақтың бас ақыны, Қайта туылмас ақын деп қазақтың белгілі тұлғалары Абайдың ұлылығын айтқан еді. Тіпті, Мұхтар Әуезовтің өзі «Абай дария, мен одан шөмішпен қалқып алдым» деп айтуы арқылы Абайдағы ілім ордасының шегі жоқ екенін паш етеді.

Дана Абай өзі өмірінде қаншама ауыр жағдайларды басынан өткізе де, мойымады керісінше аяғын нық басып, қиындыққа қарсы тұра білді. Осындай кереметтей Хакім Абайды – ілім тағының иесі десем қателеспейтінім сөзсіз.

Н.ТОГИЗБАЕВА,
Ақтөбе облысының қылмыстық
істер жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының
бас маманы

(Соңы. Басы 1-бетте)

Туыстары аштықтан өлген ана-сының тас емшегін еміп жатқан жерінен көтерген күйі Қытайға көш түзеген елге қосылады. Отызыншы жылдарда елін сағынған әкесі Нәби қайтадан бергі бетке өтеді. Бірақ бұнда оларды тағы да ашаршылық арандай аузын ашып қарсы алады.

– 1932 жылы ақсүйек ашаршылықтан ауыл адамдары тоз-тозы шығып, өлместің қамымен жан-жаққа бытырап кеткен. Кім-кімнің туысы екендігінен қалған. Аш адамдар адам жеуге көшкен қорқынышты заман туды. Он жастағы кезім. Бір күні аштықтан бұратылып бір жеркепеге келдім. Ары қарай жүруге әл-дәрменім жоқ. Үйде жасы жетпістен асқан кейуана отыр екен. Түріне қараудың өзі қорқынышты. Менің де жетісіп тұрғаным шамалы. Екі көзім жеркепенің ортасында қайнап жатқан қазанда. Неге екенін білмеймін, қазанның қақпағын үлкен қара таспен бастырып қойыпты. Ол болса әлсін-әлсін көтеріліп басылады. Бейтаныс апа қазанның қақпағын ашқанда тәтті еттің исі бүрк ете түсті. Бір кесек ет пен бір кесе сорпа құйып берді.

– Мына етті жеп, сорпаны ішіп әлденіп ал, – деп жылап жіберді. Неге жылады түсінсем бұйырмасын. Апыл-ғұпыл аузыма тыққылап жатырмын. Тіпті, оның қазанның жаңа түскендігіне қарар емеспін.

– Ал, қызым, енді үйден тез кет, – деп жаңа ғана маған бар мейірімін төгіп, асты-үстіме түсіп бәйек болған кейуана зілдене үн қатты.

– Білесің бе, сен ненің етін жедің? – деді менің қолымдағы кесені жұлып алып.

– Білмеймін, әйтеуір тәтті ет, – деп қорыққанымнан жылап жібердім.

– Бұл – менің жалғыз немеремнің еті. Әкесі таңертең тірідей бауыздап, мүшелеп қазанға салып беріп кеткен. «Кешке біз келгенде асып қоймасаң, өзінді жейміз» деген соң жанымнан қорыққанымнан етін асып, соларды күтіп отырмын. Олар келсе сені де аман қоймайды. Жаныңның барында бұл маңнан алыс кетуге тырыс, – деп мені көтерген күйі далаға лақтырып жіберді. Сөйтіп, ауыл арасында қаңғырып жүріп, жетімдер үйінен бір-ақ шықтым, – дейтін анамның жәнтүршігерлік әңгімесін тыңдаудың өзі қиямет-қайым еді.

Бірде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін Нариман Дәуітов ағай Бейімбет Майлиннің «Күлпаш» әңгімесінің мазмұнын айтып келуге тапсырма беріп, кешкілік пілте шамның түбінде дауыстап оқып отырғанмын. Әңгіменің соңына келгенімде анам дауыс салып ағыл-тегіл жылап қоя берді. Біраздан соң солығын басып:

– Келесі жолы мұндай әңгімені маған оқыма да, көрсетпе! – деп қолымдағы кітапты жұлып алып, өші осы кітапта кеткендей жанып жатқан пештің ішіне лақтырды да жіберді.

– Бастан-құлақ садақа, балам, бар пәле-жала осымен кетсін. Менің көргенімді сендер көрмесеңдер екен, – деп құшағына қысып, көзінің жасын тағы бір сығып алған еді.

Мен әкем Әбілқасымнан 7 жасымда жетім қалдым. Бертінге дейін әкемнің 15 жыл «халық жауы» болып тар қапаста қамалып, тек Сталин өлген 1953 жылы ғана түрмеден босап шыққандығынан мүлдем хабарсыз болдым. Көрші үйлерге келетін келім-кетімді кісілерге қызыға қарайтынмын. Өйткені біздің үйге бас сұғатын адамдар санаулы ғана болатын. «Халық жауы» деген мөрленген таңбасы бар біздің үйге келуге алыс-жақын ағайын түгілі, көрші-қолаңның да батылы жетіп бара бермейтінінің құпиясын кейін білдім.

Әкемнің қандай қылмысы үшін сотталғандығы мен үшін әлі күнге дейін жұмбақ. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві әлі есігін ашар емес. Ашпақ түгіл, маңына жолатар түрі жоқ. Қаншама хат жолдадым. Келетін жауаптың мазмұны: «Был организован поиск сведений в отношении Есилбаева А. по учетам Специальных государственных архивов ДП областей Республики Казахстан, однако положительных результатов получено не было, в связи, с чем исполнить Ваш запрос не представляется возможным» дегендей, бір-біріне сойып қаптап қойғандай тым ұқсас, сылбыр сөздер ғана.

25 жылдан бері Қазақстан Республикасының Президент архиві, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, Шығыс Қа-

зақстан облыстық, Зайсан мен Тарбағатай аудандарының архиві, Алматы облыстық, Балқаш аудандық архивтерімен тығыз қарым-қатынаста зерттеу жұмысын жүргізіп келемін. Бірнеше тарихи-танымдық кітап жаздым. Әттеген-айы – әкемнің соттылығы туралы құпия құжатты қолға түсіре алмадым. Десе де үмітім отым сенген жоқ.



кетуі мүмкін, – деп ескерткен. Көтеріліс жабық тақырып болған сайын, соны қаузасам деген ынтазар қызығушылық пайда болды. Бірақ мардымды мәлімет, ел аузынан елең еткізер әңгіме айтылмаған соң, Ақкөл көтерілісі мен ашаршылық туралы тақырыпты жылы жауып қоюыма тура келді. Оған Балқаш аудандық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің төрағасына: «Бұдан былай бұл тақырып төңірегінде ешқашан жазбаймын» деп қолхат беруім де тұрт-

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР АҚИҚАТЫ

– **Танымдық-тарихи тақырыпты таңдай отырып, өткен кезеңнің өткелдерінен суыртпақтап сыр тартудың азабы мен ләззаты бар. Ауызша тарихты архив материалдарымен ұштастыра отырып жазуыңызға кімдер тұрткі болды?**

– 1985 жылы Михаил Горбачев КСРО-ның бас хатшысы болып сайланғаннан кейін «қайта құру» саясатын айналымға енгізді. Осы тұста «қайта құрудың» қазақ ұлтына тігізген пайдасын айтудан жалықпау керек. Себебі, осы саясаттың арқасында біз тарихи ақтандақтарды тани бастадық. Қазақстандағы 1921–1922, 1931–1933 жылдардағы жәнтүршігерлік ашаршылықтың, сондай-ақ 1937–1953 жылдардағы сталиндік жаппай саяси қуғын-сүргін туралы бар шындықтың беті ашылды.

1985 жылы мен Балқаш аудандық «Балқаш еңбеккері» газетінде әдеби қызметкер болып жұмыс істеп жүрген кезім еді. Ақкөл ауылының тұрғыны, соғыс және еңбек ардагері Өксікбай Медеуов газеттің штаттан тыс тілшісі ретінде редакцияға жиі хат жолдап, ара-тұра келіп-кетіп тұратын. Бірде Ақкөл ауылына газет тапсырмасымен іссапарға барғанымда үйіне қонаққа шақырды. Әңгімеден әңгіме туындап, Өкең ашаршылық жылдары балалар үйінде тәрбиеленгені жайында айтып қалды. Сол кезде мен анамның бастан кешкен оқиғасының шет-жағасын шығарған болдым.

– Отызыншы жылдардың басында Ақкөл көтерілісі болып, қаншама адам есеп-сұраусыз түрмеге қамалып, ондаған адам жазықсыздан жазықсыз атылып кетті. Олар Ақкөл ауылының тұсындағы бұрынғы пошта үйінің астында елеусіз-ескерусіз әлі жатыр. Ал ашаршылықта өлген адамдарда есеп болмады. Есінде болсын, бұл әңгімені мен саған айтқан жоқпын, сен естіген жоқсың, ұқтың ба?! – деп Өксікбай аға денесі дір-дір етіп, қолын жалма-жан дәріге соза бергені есімде ұмытылмай басып сақталып қалды.

Ақкөлге барған сайын осы әңгіме үнемі қайталанатын. Өксікбай аға айтуын айтып алса да, іле-шала «ешкімге айтушы болма» деп уәдемді алатындығы маған бір жағынан қызық көрінетін. Бара-бара Балқаш ауданындағы ақсүйек ашаршылық пен Ақкөл көтерілісі миыма сіңісіп қалды. Күндердің күнінде аудандық партия комитетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқаратын соғыс ардагері Иманқұл Ормышевпен сұхбат құрып отырғанымда, өзінің Көкжиде ауылында туып-өскендігін, ашаршылық жылдары Өксікбай Медеуов, Нұрмолда Ақмолдаевтармен бірге балалар үйінде тәрбиеленгенін айтып қалды. Ақкөл көтерілісі жайлы суыртпақтап сыр тарта бастағанымда:

– Мені тыңдасаң бұл тақырыпқа жуымағаның дұрыс. Оның әлі айтылатын уақыты келген жоқ. Басың

Алаш арыстарының көсемі Ахмет Байтұрсын-нов аштық жөнінде 1922 жылғы «Қазақ календарына» жазған «Мәні саудың – жаны сау» атты мақаласында: «...Өткен қыста аштық болды. Ашыққан адам бірінің етін бірі жеді. Өліктің етін жегені былай тұрсын, өлмеген тірі адамдарды малша ұрлап, малша сойып жеді. Қалаларда тұн болса, көшеде жүруге болмады. Мезгілсіз уақытта көшеде жүрген адамдарды жылқы сияқтандырып бұғалық салып, буындырып ұстап, сойып жейтін болды. Анасы баласының етін жеуге жетті... Аштықтан адамның тәні азып еді, жаны да азып, ес кетіп, адамгершілік жоғалып, адам хайуаннан да жаман болып кетті...» – деп жазған екен.

кі болғаны рас. «Қайта құрудың» алғашқы жылы лебімен республикалық газет-журналдарда 1930 жылдардағы ақтандақтар там-тұмпад болса да жариялана бастады. 1931–1933 жылдардағы ашаршылықтан Балқаш ауданында (жергілікті ОГПУ-дың мәліметтері бойынша) байырғы 60 мың халықтың 12 мыңа көшіп кеткен, 36 мыңы өлген, қалғаны барлығы 12 мың адам болған. Архив құжаттары сөйлегенде осылай дейді. Қара құйынның қасіретін осы деректер айғақтап тұр.

– **Нәубет жылдардың ақиқаты баяндалған «Ақкөл көтерілісінің ақиқаты» кітабыңыздың жазылуы қашан, қалай басталған еді?**

– «Ақкөл көтерілісі» тақырыбы төңірегінде із шиырлауыма Балқаш ауданының Бақанас ауылында тұрған марқұм Темірғали Сыдықұлы басты себепкер болды. Қария 1990 жылы редакцияға арнайы іздеп келіп жолыққанда:

– Сен мені, мен сені танымаймын. Әңгіменің тоқетері мынау. Мен әкемді іздеп жүрген ұлмын, – деді. Жетпістен асқан қарияның жүзіне таңдана қарасам керек.

– Таңдансаң да, таңданбасаң да осы. Жоқ жоғалтқан адаммын. Менің әкем Сыдық Оспанұлы 1931 жылы «Ақкөл көтерілісіне қатысты» деген желеумен сұрақ-жауапсыз бір түнде пошта үйінің кеңсесінде атылып кетті. Содан бері «халық жауының» ұлы ретінде жүзімді жерден көтере алмай, пұшайман халде өмір сүріп келемін. Құйрығыма шала байлаған ағайыннан көңілім суып, бірнеше жыл сырттап жүріп, жас келген соң қайтадан елге келіп, үйірімді тапқан жайым бар. Енді заманның мына жылымығын пайдаланып, әкем Сыдық пен оның туған інісі Сыдықбайдың кінәсіз жазаланғандарын заң алдында дәлелдеп, шамам жетсе ақтап алсам деген соқыр үміт пайда болғалы бойдан маза кетті, – деді.

Қолымнан келсе көмектесуден қашпайтынымды айтқанда, Темірғали аға балаша қалбалақтап қолымды қайта-қайта қыса берді. Одан кейін Қазақ КСР-нің бас прокуроры Жармахан Тұяқбаевқа, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Алматы облыстық басқарма бастығы Б.Баякеновке Темірғали ағаның атынан бірнеше рет хат жөнелтілді. 1991

жылы желтоқсан айында аудандық «Балқаш еңбеккері» газетіне «Әкесін іздеген ұл» деген мақала жазып жарияладым. «Үміт үзілді-ау» деген тұста 1991 жылы Алматы облысының прокуроры И.Бақтыбаевтан Сыдық Оспанов пен Сыдықбай Оспановтың ақталғандығы жайында мөр басылған хат қолымызға тиді. Темірғали ақсақал хатты көкірегіне қайта-қайта қыса берді, әжімді жүзін жас жуып, тарам-тарам болып ағып, сақалына сіңіп жатты.

Сөйтіп, ізденістің нәтижесінде Ақкөл көтерілісі құрбандарының алғашқы екеуін ресми ақтауға қол жеткізгенде іштей қуандым. Осылайша көтерілістің шындығына бастайтын баспалдаққа қадам бастым. Алайда түпкі нәтижесіне жету үшін арада 20 жылға жуық уақыт өтетінін ол кезде мен пайымдай қоймадым.

– **Ақкөл көтерілісі неден туындаған екен?**

– 1930 жылы Балқаш ауданына 10 мың пұт астық даярлау жоспары беріледі. Ал, мұның өзі аудан тұғындарының түсінбеушілігін ғана емес, ашу-ызасын туғызды. Өйткені, аудан тек мал шаруашылығымен айналысатын. Сондықтан мұнда астық дайындау мүлдем мүмкін емес бола-

терілісі туралы шет-жағасын сұрағанымда:

– Балам, сен осы отпен ойнап жүргеннен сауымысың? Бұл үй ішінде айтылатын әңгіме емес. Мұнысын мені жақтырмай отырғаны деп түсініп, есікке беттей бергенімде: – Мен бүрсігүні Іленің жағасындағы ойпаңға қой кезегін бағамын. Сонда кел, – деп қалай суық қарсы алса, солай суық қалпында шығарып салды. Айтқан уақытында межелеген жерден табылдым. Құмдауыт төбенің басында шекпенін жерге жайып, Сабанбай қария малдас құрып отыр екен.

– Мыңдаған шаңырақты ортасынан түсіріп, қаншама әулеттің тұқым-тұқиянымен құртқан ақсүйек ашаршылықты айтсам төбе шашым тік тұрып, әлі күнге құйқам шымырлайды. Кертіп қазы, сапырып қымыз ішіп отырған ауқаттылардың өзі қоңыз теріп кетті. Бұл – сендер үшін өтірік, біз үшін қасірет. Баласын әке жеген, қызын бір уыс бидайға сатқандарды көзім көрді. Бұдан артық қандай сұмдық болуы керек?! – деп тоқсандағы ақсақал аруақтанып, екі иығы селкілдеп көтеріле сөйледі.

– Ел енді тұяқ серпімесе опат болатындықтарын ұққандықтан, халық өре түрегелді. Бірақ бірер жылда шыбындай қырылатынын ол кезде ұққан жоқ. Өзің білгің келіп ынтық болып отырған екінші көтеріліс 1931 жылдың сәуір айының басында Ақкөл ауылында тағы да лап ете түсті. Көтерілісті Қасымбек Кенебаев пен Күат Әйнеқұлы басқарды. Бұл жолғы көтеріліс 1-ші, 2-ші, 10-шы ауылдарда жаппай сипат алды. Бірақ та қарапайым қарулармен қаруланған көтерілісшілер бақайшағына дейін қару-жарақпен жабдықталған ОГПУ әскерлеріне қарсы тұра алмады. Үш күн екі жақта атыс болды. Ақыры бұл жолғы көтеріліс те сәтсіз аяқталды. Тұтқынға алынған көтерілісшілерде есеп болмады. Олардың бәрі Алматы қаласындағы түрмеге күзетпен жөнелтілді, бірақ бір де біреуі қайтып елге оралған жоқ. Ал он бір адамды «Пошнай тамының» ішінен терең шұңқыр қазғызып, бір түнде сұрақсыз, сотсыз атты. Атылған адамдар: Сыдық Оспанұлы, Сейсенбай Көшербайұлы, Қыбырай Жұмықұлы, Байназар Ысмайылұлы, Қалжан Бөкешбайұлы, Жалдыбай Бәсібекұлы, Нарбай Теңізбайұлы, Жолтабай Андасбайұлы, Молдажан Төстенбекұлы, Бұқа Әрсеқұлы, Малтабар Жақыпұлы, – деп Сабанбай ақсақал айтып кетпегенде, көтеріліс құрбандарының аты-жөндері әлі күнге белгісіз болып қала берер ме еді кім білсін?

2008 жылы Балқаш ауданының 80 жылдығында Ақкөл көтерілісі құрбандарына арналып ескерткіш орнатылып, пошта үйінде атылған адамдардың аты-жөндері қашалып жазылды. Айта кетер жайт, 1998 жылы жарық көрген «Азалы кітапта» саяси қуғын-сүргін құрбандарының тізімі жарияланды. Ол кітапқа Балқаш ауданы бойынша 49 адамның аты-жөндері енгізілді. Бұл тізім әлі толықтыруды қажет етеді. Егер республикалық мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архиві тарихшылар мен ізденушілер үшін айқара ашылатын күн туса, Ақкөл көтерілісінің ақиқатын ашуға болады. Мен әзірше Қазақстан Республикасы Президенті архивінің 141 – қоры мен Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 135 – материалын қанағат тұтып келемін. Оның өзін егжей-тегжейлі толықтай қарап шықтым деп айта алмаймын.

– **Сонымен көтеріліс құрбандары жатқан «Пошнай тамға» ескерткіш тақта орнатылды ма?**

– Менің жанымды қинайтын «әттеген-айдың» бірі – осы. Бұл тақырыпты 2013 жылы Балқаш ауданының әкімі Бейсегали Жүнісовке, 2016 жылы аудан басшысы болған Ғалым Тоқпейісовке, биыл аудан тізгінін ұстап отырған Азат Құтпанбетовке айттым. Ақкөл ауылының тұсында көтеріліс құрбандарына ескерткіш орнатылғанымен, сол ескерткіштен арырақ, 200 метр шамасында ескі пошта үйі қоршаусыз, мал тұяғының астында тапталып жатқанына 94 жылдың жүзі болды. 2013 жылы біраз ел азаматтары бұл істі қолға алғандай болып еді, арты сұйылып, берген уәде желге ұшып кетті. Осыған нәлитын кездерім бар.

– **Мазмұнды сұхбатыңызға рақмет! Әурақтар разы болсын!**

Сұхбаттасқан
Бейбіт ТӨЛЕГЕНҰЛЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Замана дерті, әсіресе кейінгі жылдары кеңінен етек алған **нашақорлық және есірткі бизнесімен күрес тәртіп сақшыларынан аса үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өйткені жыл өткен сайын аталған қылмысқа баратын жастардың қатары еселеп өсіп, тіпті күн өткен сайын жасарып бара жатқаны алаңдатады.**


ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСТЕ БІРЛЕСКЕН ӘРЕКЕТ НӘТИЖЕЛІ

Заңсыз есірткі айналымы мен ірі көлемдегі есірткі өнімдерін тасымалдау және өндіру оқиғалары шамадан тыс көбейіп барады. Дегенмен тәртіп сақшыларының қырағылығының арқасында қалтасын заңсыз есірткі бизнесінен түскен қаражатпен қампайтып жатқандар да жазаға тартылып жатыр. Құрған ауға шабақтармен қатар ірі шортандардың да түсіп жатуы осыған айқын дәлел. Нашақорлыққа қарсы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі де дәл осы есірткі бизнесімен барынша күрес болып отыр. Бүгінде есірткі айналымының бақылау саласындағы басты құжат ҚР Үкіметімен 2023 жылдың 29 маусымында бекітілген 2023–2025 жылдарғы нашақорлық және есірткі бизнесімен күрес бойынша кешенді жоспары. Нашақорлық бизнесі мен жастарды нашақорлық жолдан құтқару жұмыстары Ақмола облысында да аса зор қарқынмен жүзеге асырылып келеді.

Полиция қызметкерлерінің айтуынша, қоғамның есірткіні заңсыз тұтынуға саналы түрде жағымсыз көзқарасы мен олардың заңсыз айналымына қарсылығын қалыптастыруда мемлекет тарапынан құқық қорғау органдары арқылы алдын алу сипатындағы шаралар барынша кең көлемде жүзеге асырылуда. Тек жыл басынан бері ғана облыста

Сала мамандары нашақорлыққа қарсы күресте ең алдымен жастармен алдын алу жұмыстарына баса мән берілетінін атап өтті.

– Биылғы жыл Ішкі істер министрлігімен «Құқық бұзушылықтардың алдын алу жылы: Полиция заң мен



полиция қызметкерлерімен заңсыз есірткі айналымына қарсы аса үлкен көлемде жұмыстар жүргізілген. Өңір аумағында 136 нашақорлыққа қатысты құқықбұзушылықтар тіркелгені анықталды. Атап айтқанда 56 есірткі өндіру, 1 аса ірі көлемде есірткі сақтау және 3 заңсыз есірткі заттарын насихаттау және жарнамалар мен 72 қылмыстық теріс қылық фактілері тіркелді. Полиция заңсыз айналымнан 88 келіден астам түрлі есірткі заттарын тәркіледі. Оның ішінде басым бөлігі, яғни 6 келіден астамы синтетика, бес келіден астамы гашиш және 7 келіден жоғары марихуана есірткілері болып шықты.

тәртіп сақшысы» деп жарияланған. Жыл сайын құқық қорғау органдары жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп түрлі шаралар ұйымдастырады. Мәселен, маусым айында есірткі қолдану және олардың заңсыз айналымымен күрестің халықаралық күніне орай салауатты өмір салтын насихаттау және нашақорлыққа қарсы бағыттағы айлық жүзеге асырылады. Облыс әкімінің орынбасары Алтынай Әміреновамен нашақорлыққа қарсы шаралардың кешенді жоспары бекітіліп, осы маусым айында өткізілетін болды. Айлық шеңберінде облыс аумағында жүзден астам түрлі профилактикалық шаралар ұйымдастырылады.

ПРОБАЦИЯ

Қылмыстық жауапкершілік – кез келген адамның істеген қылмысына жаза түріндегі, заң алдындағы міндеткерлігі. Ал, кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі оларға қолданылатын қылмыстық заңдардың ерекшеліктерімен айқындалады.

Түркістан қалалық сотында қалалық пробация қызметі бөлімінің ұсынысы қаралды: Жазасын өтеуші жасөспірім Түркістан облысының КІЖМА сотының 2024 жылғы 7 қарашадағы үкімімен ҚК-нің 200-бабы 2-бөлігінің 1-тармағымен кінәлі деп танылып, оған 1 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, пробациялық бақылау белгіленген болатын.

Алайда сотталған жасөспірім пробациялық бақылауда көрсетілген шектеулерді бұзғаны үшін, атап өтер болсақ – бір рет белгіленген мерзімде тіркелуге келмеген, тұрғылықты мекенжайында болмаған және түнгі уақыт шегінде мекенжайынан екі рет шыққаны үшін сот қарауына ұсыныс жіберілген.

Кәмелетке толмаған жасөспірім тіркелуге бармауының себебін ол күні демалыс болуына байланысты тіркеуге уақытында келе алмағанын, тұрғылықты мекенжайында болмағанын және түнгі уақыт шегінде мекенжайынан шығуға әкесінің шақыруы себеп болғанын алға тартты.

Прокурор ұсынысты қанағаттандыруды сұраған. Сотталған және оның заңды өкілі өздерінің білмей жасаған құқық бұзушылықтары үшін өкінетіндерін және алдағы уақытта қайталамайтындарын айтты. Сот жасөспірімнің пробация қызметіне тіркеуге алынғанына небәрі екі айдан асқанын ескеріп, сонымен қатар бұл азаматтың қазіргі таңда тұрақты оқу орны бар екенін, жаза өтеу барысында қандай да бір әкімшілік немесе қылмыстық құқықбұзушылықтарды жасамағанын ескеріп, әлі де болса түсіндіру жұмыстарын жүргізуді қажет ететінін назарға алып, 2025 жылы 10 ақпандағы қаулысымен Түркістан қалалық пробация қызметі бөлімінің ұсынысын қанағаттандырудан бас тартты. Сот қаулысы заңды күшіне енген жоқ.

– Кәмелетке толмағандар қылмыстық құқықтың ерекше субъектілері. Қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекет жасаған баланы сот жазадан босатқан кезде, тәрбиелік ықпал

ТҮZEЛЕМІН ДЕГЕН ЖАСҚА МҮМКІНДІК БАР



етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану аясында, оларды арнайы оқу-тәрбие мекемесіне орналастыруы мүмкін. Шешім қабылдаған кезде судья әр жағдайда баланың өмір сүру деңгейіне мән береді. Баланың бос уақытына өткізуі, сабақ үлгерімі, тіпті ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлін де зерттейді. Бұның барлығы құқыққа қарсы іс-әрекетке барған баланың қылмыс ортасына қайта оралмауы үшін зерделенеді,– деді Түркістан облыстық сотының баспасөз қызметі.

Облыстық соттың баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, жазаның кез келген түрін тағайындау кезінде кінәлі тұлғаны қайта тәрбиелеуге баса назар аудару керек, өйткені заң шеңберіндегі жауапкершілікті күшейту қылмыс теориясындағы бірқатар мәселелерді шешуде дәрменсіз. Айта кететін жайт, елімізде 14 жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Себебі олар өздерінің құқық бұзушылық іс-әрекеттерінің нақты сипаты мен қоғамдық қауіптілігін толық түсінбейді. Сонымен қатар, қылмыс жасаған баланың заңды өкіліне салынатын айыппұлдың мөлшері сотталушыны қалыпты

өмір сүру үшін қажетті материалдық игіліктерден айырмауы керектігі ескеріледі. Кәмелетке толмағандардың жауапкершілігінің бір ерекшелігі – олар үшін бас бостандығынан айыру мерзімі он екі жылдан аспауы керек. Бірінші рет бас бостандығынан айыруға сотталған ұл мен қыздар жазасын жалпы режимдегі тәрбие колонияларында өтейді. Бас бостандығынан айыруды өтеген жастар күшейтілген режимдегі тәрбие колонияларына жіберіледі. Бас бостандығынан айыру жазасы ауыр, аса ауыр қылмыстар жасаған кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ, кейбір жағдайларда

ғана ауырлығы аз және орташа қылмыстарға да тағайындалады. Кәмелетке толмағандарға өмір бойына бас бостандығынан айыру және өлім жазасы қолданылмайды. Ерекше жағдайларда сот он сегіз бен жиырма жас аралығындағы кәмелетке толмағандарға жеңілдетілген жаза қолдана алады. Мұндай ерекше жағдайларға психикалық, интеллектуалдық және психикалық дамудың ерекшеліктері, жетілу дәрежесі, жасөспірімдердің қылмыс жасау себептері сеп болады. Дегенмен әділ шешім шығару үшін судья сот-психологиялық, сот-психиатриялық және басқа да сараптама түрлерін тағайындауға құқылы.

Сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып, ауырлығы аз немесе орташа қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылған кәмелетке толмаған баланы жазадан босата алады. Бұл жағдайда қылмыстық жауапкершілік сотталмау фактісімен аяқталады және жаза тағайындалмайды. Жоғарыда айтылғандай, кәмелетке толмаған баланы мамандандырылған білім беру немесе емдеу-тәрбие мекемесіне орналастыру барысында, мұндай мекемелерде болу мерзімі

– Іс-шараның басты мақсаты – халықтың назарын есірткінің таралуы мен қолданылу қаупіне аудару, жастардың психоактивті заттарды қолдануға деген теріс көзқарасын қалыптастыру, салауатты және қауіпсіз өмір салты дағдыларын дамыту, өз денсаулығына ұқыпты қарауды үйрету, дұрыс таңдау жасау мен өмірлік басымдықтарды белгілеуге бағыттау болып отыр, – дейді Ақмола облысы полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы күрес басқармасының бастығы, полиция полковнигі Думан Сабыржанов.

Мұнымен қоса есірткіге қарсы айлық ортақ іске елдің әрбір азаматы өз үлесін қоса алатынын еске салуға бағытталыпты. Басқарма басшысы полиция қызметкерлерінің есігі тек профилактикалық шаралар кезінде ғана емес, кез келген уақытта азаматтарға көмек беруге ашық екенін атап өтті. Бұл орайда полиция қызметкерлері есірткі қылмыстары мен нашақорлық мәселелеріне қоғамның назарын аударуға, есірткіге қарсы күрес жүргізетін құқық қорғау органдарына деген халық сенімін арттыруға, әсіресе жастар арасында есірткіге қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жалғастыра бермек.

Ірі көлемде жұмыс істейтін есірткі бизнесі жүйесін анықтап, тамырына балта шабу тәртіп сақшыларынан асқан біліктілік пен жауапкершілік жүгін талап етеді. Бұл орайда қармаққа тек ұсақ шабақтар ғана емес, заңсыз есірткі тасымалын жүргізіп отырған жоғарыдағы «көкелердің» құрықталуын ұйымдастыру үшін аса үлкен әзірлік қажет. Мәселен, жақында өңір полицейлері синтетикалық есірткі дайындайтын аса ірі есірткі зертханасын анықтап, оны жойып жіберді.

Полиция ұзақ уақыт бойы бақылауға алған аса ірі синтетикалық есірткі өндірісі заңсыз есірткі айналымын көптен бері жүзеге асырып келген болып шықты. Жүргізілген жедел іздестіру шараларының және тергеу амалдарының арқасында полиция сарбаздары заңсыз айналымнан тыйым салынған есірткі заттарын әзірлеуге арналған 200 келіден астам шикізатты тәркілеп алды.

– Прокуратура үйлестіруі жанындағы Ақмола облысындағы Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл жөніндегі басқарма қызметкерлерімен Елорда мен оның айналасындағы аудандарда синтетикалық есірткі дайындайтын есірткі зертханасын ұйымдастырған тұлғалар қолға түсті. Заңсыз бизнестің ұйымдастырушысын жедел тергеу тобы Астанада құрықтады. Сонымен бір мезетте Целиноград ауданына қарасты Талапкер ауылында да арнайы операция басталған еді. Мұнда тәртіп сақшылары арнайы бөлімшелер сарбаздарының қолдауымен тағы да үш бірдей оқиғаға қатысты адамдарды ұстады,– дейді Ақмола облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметінің жетекшісі Гүлнәр Пинчук.

Талапкер ауылындағы тергеу шаралары барысында полицейлер 200 граммға жуық синтетикалық есірткі тәркілеген. Сонымен қатар тінту барысында бірнеше ұялы телефон, электронды таразылар мен есірткі құрамы бар өсімдіктер салынған ыдыстар, оларды өсіруге арналған құрылғылар мен 9,5 миллион теңгеден астам қаражат табылды. Сондай-ақ тергеушілер Астана қаласында да аса ірі көлемдегі есірткі зертханасының ұйымдастырылу фактісін анықтады. Жедел тергеу тобы синтетикалық есірткіні әзірлеуге арналған прекурсорлар мен басқа да химиялық заттарды тәркілеп алған. Полиция аталған фактілер бойынша қылмыстық іс қозғап, әрбір ұсталған адамдардың міндеті мен рөлін анықтауға кірісті. Тергеу кезінде барлық ұсталған адамдар қамауға алынған. Полиция есірткі бизнесіне тосқауыл қою үшін барлық тиісті шараларды жүзеге асырып, алдағы уақытта нашақорлықпен күрес бағытында жұмыстардың барынша кең көлемде жалғаса беретінін алға тартты.

Ғасыр дертіне айналған нашақорлықпен күресте тек тәртіп сақшылары ғана емес, тұтас қоғамның да аса үлкен жауапкершілігі болуы тиіс екенін естен шығармасақ дейміз.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ
АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

жасалған қылмыс үшін көзделген ең жоғары жаза мерзімінен аспайды.



Түркістан қалалық емханасының психологі Бағила Бимендиеваның айтуынша, қазіргі уақытта балалар арасындағы қылмыс ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. «Олар әртүрлі қылмыстың түрін жасайды. Атап айттар болсақ – вандализм, қатыгездік, ұрлық, тонау, қарақшылық, ұлтшылдық пропаганда-сы, зорлық-зомбылық, қоғамдық орындарда психотроптық немесе алкогольдік ішімдіктің әсерінің салдарынан қылмыс орын алуы мүмкін.

Ал, екіншіден ақпарат құралдарында көрсетілетін жан түршігерлік оқиғалар, сонымен қатар әлеуметтік желі де балаларға кері әсер етеді. Үшіншіден, баланың араласатын ортасы, достары да әсер етеді. Сол үшін баланың бос уақытында немен шұғылданып, кімдермен араласатынына жіті мән берген дұрыс. Балалар арасында қылмыстың алдын алу және жол бермеу үшін бала тәрбиесін біз өзімізден бастауымыз керек. Ересек адамдар құқық бұзбай, заңға бағынып, заңға қайшы келген адамның қандай қателікке ұшырайтынын баланың құлағына құйып отырғаны абзал. Балалар өте сезімтал және оларға әсер ету оңай болғандықтан, оларға тұлға ретінде қарауымыз керек. Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деген сөзін негізге ала отырып, жастарға сеніп, олардың тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етіп, өзіміз үлгі көрсетуіміз қажет»,– деп психолог Бағила Рахманбердіқызы ой бөлісті.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ҚазҰУ

БАЛАЛАР СЫЙЛЫҚСЫЗ ҚАЛМАДЫ



Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Халықаралық балаларды қорғау күні кең ауқымда атап өтіледі. Университет қызметкерлерінің «Парасат» кәсіподағы жақында әскери кафедрада балалық шақтың қайталанбас сәттері айшықталған естен кетпес мереке ұйымдастырды. Оны кәсіподақ төрағасы Т.Мекебаев ашып, балалар мен ата-аналарды төл мерекелерімен құттықтады.

Кәсіподақ төрағасы осы 1 маусымда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Халықаралық балаларды қорғау күнімен ел тұрғындарын арнайы құттықтағанын тілге тиек етті. Мемлекет басшысы өз құттықтауында жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызын және олардың дамуы үшін жағдай жасау керектігін атап өткен. Балаларды жан-жақты баулу үшін мемлекеттің үлкен мүмкіндіктер жасап жатқанын айтты. Елімізде білім беру мен спортқа баулу, сондай-ақ балалары бар отбасыларды қолдауға бағытталған бағдарламалар іске асырылуда. «Парасат» кәсіподағы

қызметкерлерінің балаларына да әрдайым жіті назар аударып келеді.

Әскери кафедра қызметкерлері бұл күні болашақ офицерлерді емес, өмір есігін енді ашқан ұл-қыздарды сынақтан өткізді. Әуелі қатысушыларды эстафетада жарысуы үшін жасы бойынша үш топқа бөлді. Төрт кезеңде – доппен жүгіру, жіппен секіру, шариктерді себетке дәл түсіру, кездескен кедергілерді бормен дәл белгілеу қажет болды. 3-6 жас аралығындағы топ шариктермен дротиктерді лақтыру бойынша жарысты. Үлкендері арқан тартумен сайысқа түсті. Жасөспірімдер тирда мергендігін сынады. Ең кішкентай-

лары асфальтта сурет салды. Жарыс барлығының көнілінен шықты. Балаларды атыс қаруының көрмесі мен қазіргі жауынгерлер жарағы қызықтырды. Сайыста ұтылғандар болған жоқ – барлығы грамоталар мен тәтті жүлделерге ие болды.

Сонымен қатар «Парасат» кәсіподағы Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері күніне орайластырылған «Менің елімнің рәміздері» атты шығармашылық байқаудың қорытындысын шығарды. Байқаудың мақсаты өз Отанына деген патриотизм мен сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру жолында, ҚазҰУ қызметкерлерінің балаларына қолдау көрсетіп, ынталандыру болатын. Онда қатысушылар «Қазақстан рәміздері» – суреттер байқауы; «Еліміздің айбынды рәміздері» – Қазақстан рәміздері туралы өлеңді мәнерлеп оқудан додаға түсті. Мәнерлеп оқу сайысына қатысушылар өздері оқыған өлеңдерін бейнекөрсетілімге жазуға және оны әлеуметтік желілерге салуға тиіс болатын. Жеңімпазды анықтаған кезде басылған «лүпілдер» саны да ескерілді.

Байқауға 200-ге жуық бала қатысты. Жеңімпаздар әрбір аталым мен әрбір жас санаты бойынша «Парасат» кәсіподағының грамоталарымен және жүлделерімен марапатталды. Барлық қатысушылар сыйлық алды.

**О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ кәсіподағы
төрағасының орынбасары**

**С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ азаматтық құқық
және азаматтық іс жүргізу,
еңбек құқығы кафедрасының
профессоры**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «Қарағаш-Береке» АШӨК» Өндірістік кооперативі (БСН 180440039084) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 070294, Абай облысы, Аягөз ауданы, Қарағаш ауылдық округі, Қарағаш ауылы, Т.Сармаев көшесі, 21-үй.

3. «Микрофинансовая организация «Express Аванс» ЖШС (БСН 180140012253) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне микроқаржы қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияның қолданылуын тоқтату туралы ерікті түрде жүгінгенін хабарлайды. Лицензия нөмірі 03.09.2021 ж. 02.21.0091.М.

4. «Салтанат-Райымбек Агро» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 240640013795) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Райымбек ауданы, Қайнар ауылы, Райымбек көшесі, 28-үй.

11. «КАЗБЕЛПОГРУЗЧИК» ЖШС (БСН 040640009993) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Транспортная көшесі, 26-үй.

13. «Муратбек 71» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 230340032332) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Жібек жолы ауылдық округі, Диханбаба ауылы, М.Үсенбайұлы көшесі, 57-үй, пошта индексі 160914.

ӨРТУРЛІ

6. БҚО, Бөкей ордасы аудандық сотында (судья Ү.С.Мұханғалиева) БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Әзербайев көшесі, №25 үй тұрғыны, азаматша Кабасова Орынғанын Байсакалованың (ұялы тел. 87058979851) арызы бойынша, 1906 жылы туған Байсакалов Сүйіншіті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғалды. Егер Байсакалов Сүйіншіттің жүрген жері туралы мәліметтер білетін адамдар болса, осы хабарландыру шыққан күннен бастап үш айдың ішінде, БҚО, Бөкей ордасы аудандық сотына хабарлауы сұралады. Байсакалов Сүйіншіттің туған жері: БҚО, Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAİROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7172) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

15. «AltaiMiningGroup» ЖШС (БСН 200140022907) өзіне «AllianceExport» ЖШС (БСН 160240009913) қосу жолымен өзінің қайта құрылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 070000, Қазақстан ШҚО, Өскемен қаласы, Самара тас жолы, 15-үй.

16. Астана МАЭС 30.05.2025 жылғы ұйғарымымен «RES Kazakhstan» ЖШС-не қатысты, (БСН 180140019980) оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талаптар мына мекенжайда қабылданады: Астана, Мәңгілік ел даңғылы 55/21. Тел. 87712002014.

ЖОҒАЛУ

5. 2024 жылдың 23 қарашасында өз қызметін бастаған «Түркістан облысы жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдары «Әділет» қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің мөрі (БСН 241240026884) жоғалды. 2025 жылдың 1 сәуірінен бастап жоғалған мөр жарамыз деп танылсын.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру), Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

Ағаштардың басын қар басқан, бейсауат жел де соқпайтындай, содан да уақыт

тоқтап қалғандай көрінетін қысқы саяжай – ұйқысы бөлінбейтін ауылға ұқсайды. Бұрын қала мен екі ортаға жүріп тұратын автобус мүлдем тоқтағалы қала жақтан аяқ басар жан да кеміп, тек маңдағы 3-4 үйде ғана жарық жылтырайды. Бір қабатты, төбесін жел мен уақыт кеміріп, терезесі арадікді буланып, көбінесе қырау басып тұратын ескі үйдің тұрғындары – шал мен кемпір де қасат қар астында ұмытылып қалған осы саяжай секілді шулы өмірден шет қалған жандар.

Сәл бүкірейген, қимылы баяу шал қалың қолғап киген қолына екі бірдей бес литрлік баклажка ұстап, күндегі әдетімен біраз қашықтағы су құбырына барады. Ескі «Аудиіне» мініп айына бір мәрте қалаға түсіп, зейнетақысына екі-үш дорба азық әкелетіні болмаса, басқа алып бара жатқан шаруасы да жоқ.

Инсульттен кейін оң жағы дұрыс істемей қалғандықтан бір иығы қисайып, бір көзі жасаурай беретін кемпір қашан көрсең де дәл осы мезгілдегідей үнсіз. Бұл үйде бұрыштағы алды-арты томпиған ескі телевизор ғана күн ұзаққа өзімен-өзі шулайды. Ондағы кейіпкерлер бұлардың отыз-қырық жыл бұрынғы өз бейнелері секілді – сөйлейді, күледі, жүріп-тұрады, бірақ ешқайсысы бұларға келмейді. Әбден майланып бүйірі жылтыраған қара шайнек қана ызындап бұл үйде де тіршілік барын білдіріп, сақырлап қайнағанда үйдің ішін әлсіз бу басады.

Шал кемпірін сүйеп отырғызып, алдына быламық кеспе-көжесін тосты. Инсульттен кейін кемпірдің аузы да икемінен айырылған, тегіс жымдаспағаннан аузына апарған асы бір шетінен ағып кете береді. Бөлмеден ескі темір ыдыстың шақшақ еткен дыбысы ғана естіліп тұрған кезде далада боран басталған еді. Кемпір қаужандап алғасын ас қайырып, күндегі әдетімен төсек жанындағы Құран кітаптың сыртқы мұқабасын сипап өтті.

Осы кезде біреу тық-тық еткізіп есік қақты. Басында жел ұрды ма деген. Сосын тағы. Адамның қағысы.

Шал орнынан сәл көтеріле беріп, тың тыңдады.

Тағы қақты. Бұл жолы қаттырақ. Дүңк... дүңк... Талап еткен қағыс жым-жырт кеңістікте біртүрлі о жар естілді.

– Мына түнде... кім болды екен? – деді өзінен-өзі күбірлеп. Кемпір төсектен басын көтерген жоқ.

Шал терезе жапқышының шетін көтеріп қарағанда қара көлеңкеде бір сұлба қозғалғандай болды.

Терезе түбінен ер адамның дауысы анық естілді.

– Апа... Аға... Ашсаңызшы... Жылынып шығайын деп едім.

Бір аяғы ұйып қалған шал сыңар аяқпен сырғанап басып барып, есікке жақындады. Қолын ілгекке апара бергенде қолының ұшы мұздап, ішінде бірдеңе қозғалғандай болды.

– Ашайық па, кемпір? – деді артына бұрылып.

Кемпір жауап қатпады. Жарығы көмескі бөлменің бұрышынан тек көлеңкесі ғана көрінеді.

Шал ілгекті ақырын көтергенде сырттағы суық ішке лап қойды. Есікті гүрс еткізіп қайта жапқанда терезе шытынап, төрдегі ескі перде қозғалып кетті. Есіктің аузында – үстіне көнетоз қара күртеше, басына қара малақай киген бейтаныс тұрды. Үстіндегі қар еріп иығынан төмен ағып жатты. Аман-саулық

жоқ, аласы көптеу көзімен жан-жағын тінте қарап:

– Пеш қайда? Жылынуға келдім, – деді. Бірақ дауысында «рұқсат ет» дегеннің ишарасы да жоқ, құрғақ, өктем.

Шал сәл шегініп барып, отты көрсетті. Бейтаныс аяғын да, сырт киімін де шешпестен пешке жақын-дап, қолдарын ысқылап, тізесін таянып, отқа үңілді. Үңілген сайын қабағына көлеңке үйірілгендей. «Іші пысып зеріккен жын құсап жеті қараңғыда жетіп келген бұ кім болды? Бұны тани ма? Таныса аман-даспай ма? Бұл өзі танымайды оны. Әлде тонауға келген бе? Өздері

ты, қабырғадағы сарғайған суретті жанарымен шолып өтті. Сосын бір сәт кемпірге үңілді.

– Ештеңе демейсіз бе, апа? Тіліңіз жоқ па, немене? Әлде... сөйлеуді ұмытып қалдыңыз ба? Осыны айтқанда жігіттің жүзі бозарыңқы, адамға қарасы түсініксіз көрінді.

Кемпірдің ерні қимылдағандай болды. Бірақ дыбысы шықпады. Үнсідік үй ішін қамап алды. Пештің үілдеген үні мен көмірдің шыртырт жанғаны ғана естіледі.

– Тамақ бар ма, ата? Пенсия алған күні тамақ көп болушы еді ғой, ә? Мен ашпын. Адасып кетіп, осы үйді әрең таптым ғой.

Шал иегімен ескі буфет алдындағы сары дорбаны нұсқады. Жігіт еш рұқсат сұрамастан сөмкеден нан

салғышты табуреткаға тарс еткізіп бір-ақ ұрғанда ақ фарфор қирап қалды да, ішіндегі түймелер, ине-жіп, қызыл баулы жіп жан-жаққа шашылып түсті. Жігіт қызыл баулы кілтті қалтасына салды.

– Ал, кеттім. Мәшинені өз рұқсатыңызбен бердіңіз. Солай ғой?

– ...

– Естімедім.

– Солай дейм. Ала бер. «Жанымызды қалдырғаныңа рақмет» дегенді ішінен айтты. Қазір «жоқ, бермеймін» десе де, одан ештеңе өзгермес еді.

– Айтпақшы, мен... ескі бір қарызды сұрай келгем. Ұмытып кеткен шығарсыз.

– Қандай қарыз? Шал аңтарылды.

СОЛ БІР ТҮНДЕ...



күнін әрең көріп отырған бұны тонамақшы ма?». Шалдың күлкісі келді. Бірақ күлгеннің орнына отқа емінген добалдай қолдарға көзін салды. Ба-яғы күні болса, осындай жігіттерді екі бүктеп жыға салатын еді. Іштей ғана күрсінді.

– От дегенің керемет нәрсе ғой, – деді жігіт ойланған кейіппен. – Не салсаң да өртейді, өңешіне не салсаң да көнеді. Қағаз, мата, тіпті адамды салып жіберсең де... Мәселе – қандай ниетпен жаққаныңда ғой, солай ма, ата?

Шал оның бұл сөзіне жауап қатқан жоқ. Тек орындықтың арқалығына сүйеніп отырды. Көзі әлсін-әлсін кемпіріне түсіп кетеді. Ішінде бір аласапыран үрей қозғалды, бірақ, білдірмей отыр. Кемпір төсектен басын көтеріп, бейтанысқа алақ-жұлақ қарады. Сөйлегісі келгенімен, үні көмейіне тығылып қалған.

– Жағдайларыңыз жақсы ма? – деді жігіт бір кезде бұларды жаңа көргендей.

– Қар жауып тұр, – деді іле-шала.

– Осындай күні адам өлтіріп, қар астына көміп тастасаң, ешкім таппайды дейді. Тек иті болмаса болғаны.

«Сөзі де әрпіл-тәрпіл, мынауың есі ауыш біреу болды ғой», – деп ойлады шал.

Жігіт орнынан көтеріліп, үлкен жалғыз бөлмеден тұратын үй ішін аралап кетті. Шүберек жабылған теледидардың үстіндегі ескі сағат-

мен шұжық, қораптағы печеньеңі шығарып шетінен жей бастады. Жеп отырып жымиып қояды. Бірақ жымысында ызғар бардай.

– Жылытатын бірдеңеңіз жоқ па, ата? Қонақты қарсыламайсыз ба? Ой, сіз де... Жарайды, өзім. Ыдыс әкеліңізші. Кесе ме, жоқ, кесемен іше алмаймын, бокал әкеліңізші. Әдемі бокал бар ма?

Ол өзіне және шалға да теңдей етіп құйды да, онысын көзін жұмып тұрып қағып салды.

– Алсаңызшы. Неғып отырсың! Ол өзінің «сенге» көшкенін байқамаған да сияқты.

– Неге бажырайып қарайсың? Қорықпа! Менің адамға зияным жоқ. Айттым ғой, адасып кеттім деп. Қазір кетемін. Келіңіз, тағы бір алып жіберейік, – деді қайтадан «сізге» көшіп. Айтпақшы, ауладағы көлік кімдікі?

- Менікі.
- Ішінде бензин бар ма?
- Болу керек. Үш күн бұрын қалаға барып келгем.
- Өтірік болса... жаман болады, әйтеу... Ал кілті қайда?
- Қант салғыштың ішінде.
- Қант салғыш? Қайсы?
- Әнеу, сыртында гүлі бар...

Жігіт ыдыстың қақпағын ашып, екі саусағын салып көріп еді, онысы не әрі, не бері шықпай кептеліп қалды. «Сайтан алғыр» деп тістеніп, әрі-бері ырғап шығармақшы болып еді, болмады, ақыры алды да сол саусағы кептелген күйінде қант

– Бәсе, ұмытып кеткеніңізді білгем. Жігіт қалтасын қарманып, ішкі жағынан бір ескі суретті алды да, түйілген күйі шалдың тұмсығына тақайды.

Шал орнынан тұра берген еді, жігіт шалт қимылмен екінші қалтасынан тапанша суырып, шалдың дәл жүрек тұсына бағыттады.

Сол сәтте керееуттегі кемпір әлсіз қозғалып, «Жо...» дегендей бір дыбыс шығарды.

Жігіт тапаншаны кемпірге бұрды.

* * *

Аяз ауаны буып, жолдың екі шетіндегі күртік қар бұдырланып қатып, алыстан шоқпаң үйлердің маңы үнсідігімен үрей шақырғандай. Бұл – 3 қаласының шет жағындағы ескі саяжайлар аумағы. Қыстығүні бұл жақтан тіршілік белгісін тану қиын. Бірақ бүгін шеттегі үйдің ауласына «Нива» жеңіл көлігі тоқтады. Ішінен шыққан екі тәртіп сақшысы сырты зең басқандай қалың болып қабыршықтанған есікке беттеді.

Полицияның бірі есікті итеріп еді, үйдің есігі іштен ілінбеген екен. Ескі құлып сіресіп қатып қалған. Көрдей қараңғы үйдің іші мұздай көрінді. Жарықты жаққанда терезеге ілінген сарғыш перденің бір шеті желмен әлсіз тербеліп тұрды. Олар керееутке жақындап келгенде жасы жетпістің о жақ, бұ жағындағы әйелдің басын бір жағына тастап шалқасынан жатқанын көрді. Бір қараған-да үстіне жабылған сұр көрпеден

адам бары байқалмайтын шүйкедей кісі екен. Айналасында қан ізі жоқ. Бірақ көзіндегі өшіп үлгерген үрей мен соңғы сәттердегі арпалысқан көмескі реңкті жазбай тануға болатын еді.

Осы кезде бұрыш жақтан әлсіз ыңырсыған дауыс естілді. Бүк түсіп жатқан адам ба, әлде өңі кетіп, көлеңкесі қалған бір елес пе – аңғарып болмайды.

– Көлік иесі ретінде тіркелген адамның атын білесіз бе? – деп сұрады бірі екіншісінен.

– База бойынша иесі – Қабыш Жанатаев. Зейнеткер. Осы үйге тіркелген. Мына кісі болуы мүмкін.

– Қала шетіндегі тас жолда көлік апаты болған. Айдап кеткен адам мас екен, қазір ауруханада. Көлік иесі – басқа. Біз сол көлік тіркелген мекенжайдамыз. Бұнда кісі өлімі болған. Үй иесі жаралы сияқты, – деп хабарлап жатты олар.

* * *

Кешкі қою қараңғылық үйлерді біржола жұтып үлгергендей. Жол бойындағы шамдар да өлеусірей жанған күйі соңында қалып жатты. «Кемпір өлген дейді. Шал шок алып қалған шығар? Оның машинасын айдап кеткен жігіт жол апатына түскен. Былай қарасаң... бәрі тым қарапайым. Кәдімгі қарақшылық», – деп ойлады капитан. Тепсе темір үзетін жігіттердің жұмыс істерісі келмей, оңай олжа іздеп, қорғансыз қарттарды басынған қылмыстық оқиғалар бұдан бұрын да болған. Қала шетіне жеткен тергеуші көлігін тоқтатып, серігі екеуі асықпай шылымын тартты. Бұл – капитан Абылай Қайсенов. Жасы биыл отыз алтыға қараған.

Аулаға ене бергенде аяқ басқан сайын әлдебір ауырлықтың салмағын сезгендей болды. Ішке енгенде үйдің ауасының өзі тұнжырап тұрғандай көрінді. Бұл жерде қанның не мүрденің сасық иісі емес – адасқан естеліктің, қорқынышты үнсідіктің иісі бардай. Тергеуші есіктен бастап, айнала шолып қарап шықты. Есіктің құлпы сынбаған, терезе бүтін.

Бұрышта ұсқынсыз теледидар тұр. Үстінде төсек бей-берекет үйіліп қалған темір керееуттің айналасында тәрелке, көзілдірік, ескі орамал шашылып жатыр, орындық астындағы тапаншаның гильзасына көзі түсті, демек, оқ атылған, бірақ, қан ізі жоқ. Жерде күлпаршасы шыққан ыдыстың айналасында ұсақ түймелер мен майда қоқыр-соқырлар шашылған.

Қақ ортадағы үстелге көзі түсті. Арақтың бос бөтелкесі тұр, қасындағы екі бокалдың екеуінде де ерін ізі қалыпты. «Бірі шалдікі, бірі...» Демек, келген адам таныс. Әйтпесе кіргізіп, онымен отырып арақ ішпес еді».

Шал басын ұстап отыр, жылаған ба, бет-аузы ісіңкі. Адамға қарағысы да келмейтін секілді. Әр демі – күрсініс. Осы жасқа келгенде серігінен айырылу кімге оңай болсын? Оның үстіне көз алдында атып кетсе... шалдың демінен кешегі ішкен арақтың уыты білінеді.

Капитан еңкейіп, еденге түсіп қалған фотосуретті көтерді. Жас әйел. Киім үлгісі ескі. Суреттің шеттерінде 90-жылдарға тән сарғыш көлеңке бар. Әйел кепка киген баланы көтеріп тұр. Қасында үш аяқты велосипед.

- Сіздің үйге келген адам кім?
- Оны танымаймын, – деді шал. – Атын айтқан жоқ.
- Сонда не жайында әңгімелестіңіздер?
- Біз әңгімелескеніміз жоқ.
- Сіздер жанжалдастыңыздар ма? Ол қаруын кімге кезенді? Әйеліңіз...

Жадыра ШАМҰРАТОВА
(Жалғасы бар)

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6327 дана
Апталық таралым 12 654 дана

Тапсырыс №983 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangazet.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31